



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

жастардың қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Мәліметтер қорына негізделген аталмыш ресурстық орталықтың құрылуы жастардың жұмыспен қамтылу мәселесін шешуге мүмкіндік береді деп санаймыз. Бұл орталық бизнес пен азаматтық қоғам, бизнес пен мемлекеттің арасындағы байланыс орнатушы түйін болмақ және де еліміздегі азаматтық қоғамның дамуы мен бәсекеге қабілетті экономиканы құрудың шешуші факторы болып табылады.

Қолданылған әдебиет

1. Богатырева О.О. Психологические предпосылки карьерного роста// Вопросы психологии. 2008. N 3. С. 92–98.
2. Эфендиев А.Г., Балабанова Е.С. Профессиональная карьера выпускников факультета менеджмента // Социологические исследования, 2010. № 2. С. 100— 110.
3. www.stat.gov.kz ҚР статистика Агенттігі
4. Қалимова Т. «Дипломмен - ауылға!» //Айқын республикалық қоғамдық-саяси газеті

УДК 365.24 (574-25)

ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫ: ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ (Астана қаласы мысалында)

Жапарова Жазира Умырзаққызы

zhazira_94_23@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, әлеуметтану
кафедрасының 3 – курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Смағамбет Б.Ж., ә.ғ.к., доцент

Тұрғын үй - тек өмір сүру орны ғана емес, адамдардың даму кеңістігі. Адамның үй ішіндегі өз-өзін сезінуі жұмысына, қоршаған ортасына, отбасына әсер етеді. Сондықтан, баспаналы болу «пәтер кілтімен» шектелмейді. Олардың түрі мен жайлылығы, орны мен көлемі, аумағы мен инфрақұрылымы, сапасы мен бағасы деп атап көрсеткен жөн.

Үй-жай - белгілі бір тыныштық, жеке кеңістікті көрсетеді. Адам баласы өмірге келгеннен бастап, белгілі бір қажеттіліктерді іске асырады немесе оларға мұқтаж болады. Ал баспана қажеттілігі, табиғи қажеттілік (аштық, шөлдеу), содан кейінгі қауіпсіздік қажеттілігіне (қорғалу мен сәтсіздіктен аулақ болу) жатады. Осы қағиданы Абрахам Маслоудың «Қажеттіліктер пирамидасы» арқылы түсіндіре аламыз. «Қажеттіліктер пирамидасы» - адам қажеттіліктерін сипаттайтын иерархиялық үлгі. «Пирамиданың» әр деңгейі іске асқанда, келесі деңгей маңызға ие болады, бірақ бұл алдыңғы қажеттілік маңызын жоғалтты дегенді білдірмейді. Сонымен қатар, әр деңгейдің артықшылығы орны, «пирамидаға» сәйкес және қажеттіліктің маңыздылығы әртүрлі.

Баспана - адам тұратын үй, жай, қалқа немесе басқа архитектуралық құрылыс, ғимарат. Ол әр елдің ұлттық, тұрмыс-салттық, кәсіби-мәдени, шаруашылық жүргізу ерекшеліктеріне сәйкес болады. Қоныстанған жерінің табиғи жағдайына бейімделуіне байланысты ыңғайлы етіп жасалады. Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңында: баспана – жылжымайтын мүлік бірлігі (жеке меншік үй, пәтер, жатақхана бөлмесі), тұрақты өмір сүру мен санитарлық, техникалық міндетті талаптарды сақтау алаңы. Баспана түрлеріне назар аударсақ:

1. Жеке меншік үй - тұрғындарға арналған ортақ мүлік.
2. Пәтер - оқшауланған, дараланған алаң.
3. Міндетті жұмыс атқару мен еңбек қатынасы, мерзімдік еңбек, оқу шартына отырған жұмыскерлер, студенттерге қызмет негізінде берілетін үйлер.
4. Қызмет негізіндегі үйлермен тең баспана - мемлекеттің тұрғын үй қорынан бөлініп, бюджеттік және мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне беріледі.

5.Жатақхана - арнайы, курсанттар, магистранттар мен аспиранттарға салынған баспана.

Баспана – жайлылығына қарай бағаланады:

1.Жоғары дәрежедегі жайлылығы деңгейіне байланысты «элиталық» түсінігі қолданылады. Тұрғындардың талғамы мен таңдауы, сапа мен пәтерақыға назар аударуы маңызды болып отыр. Мысалы: «сталиндік» биік үйлер, «ЦК» үйлері КСРО кезіндегі қымбат үйлер қатарына жатты. Бұл үйлерді тек партия қайраткерлеріне, шенеуніктерге, ғалымдарға, халық әртістеріне және т.б берді.

Қазақстандағы облыс орталықтарындағы элиталық үйлердің Астана мен Алматыға қарағанда деңгейі төмен. Ал Алматы мен Астана қаласындағы үйлерді Еуропадағы үйлермен салыстырғанда элиталық деп санай алмаймыз, яғни, «элиталық» ұғымы шартты болып табылады. Тұрғын үйге деген міндетті талаптар бар. Жылжымайтын мүлік нарығы элиталық үйлерге мынадай сегіз критерий бойынша баға береді:

- тұрғын үй орны - жарық, таза және жақсы әсер қалдыруы тиіс. Аумағы көгалдандырылған, демалыс және балалар алаңы бар, күзетпен жабдықталған және қоршалған алаң. Қалалық паркке жақын, терезеден қарағандағы көрініс. Пәтер бағасы өсімінің маңызды факторы – орналасқан жері. Тұрғын үй бағалары аудандарға байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Инфрақұрылым мен жоба бағаның өсіміне ықпал етеді:

- тұрғын үйдің жасалған материалы - жаңа заманауи технологияларды қолданып, архитектуралық шешім жасау. Әлемдік тәжірибеде элитарлық үйлерді архитектор атымен байланыстырса, Қазақстанда элиталық үйлер құрылыс компаниясы беделі арқылы айқындалады:

- аумағы – тұрғын үйдің орналасуы мен көршілердің әлеуметтік, мәдени, қаржылық жағдайы. Әлеуметтік-мәдени бірлік квартал арқылы анықталады. Көбіне көршілер саны екі пәтерден көп болмайды.

- инженерлік байланыс – энергия және жылумен, сумен қамтамасыз ету, вентиляция мен кондиционер, екі фазалық электр байланыстарын өткізу міндетті. Жылумен қамту: ауа, радиатор, кешенді жылыту. Электронды жүйе, спутниктік теледидарлар, қолайлы байланыс жүйесі, интернеттің қолжетімділігі, күзет пен өрт қауіпсіздігі сигналымен қамту аясы, видеобақылау, диспетчер қызметі, үнсіз лифтілермен толық жабдықтау. Болашақта жетіліп және өзгертеріп тұратын жобалар.

- тұрғын үй инфрақұрылымы - жерасты паркингі, ол жерден үйге немесе қабатқа көтерілу, үйге жататын ішкі алаңның болуы, дүкен, химиялық тазалау, консерж қызметі, пәтер тазалау қызметі, бассейн, сауна, спорт орталықтары, сұлулық салоны, балалар ойын алаңы сияқты қызметтердің барлығы жабық зонада орналасуы, үйдің ішкі өмірінің құрылымы, яғни қажет қызмет түрін үйден шықпай орындау.

Нағыз элиталық үйлер - ерекше бренд. Оның атауы, тарихы айырмашылығы бар. Мысалы: Астана қаласындағы «Триумф Астаны» тұрғын үйі. Сол сияқты Австрияда Вена қаласындағы әлемге әйгілі «Хундертвассер үйі». Үйдің авторы баспана сыртын түрлі-түсті бояулармен әрлеп, әрбір пәтердің ішкі және сыртқы бояулары бір-бірінен өзгеше түсте болына баса назар аударды.

- тұрғын үйді басқару. Мәртебелі басқару, толық ыңғайлы жағдай жасау. Тұрғындар өздерін басқалардан артық сезіну тиіс.

- элиталық үйлердің негізгі белгілерінің бірі- пәтер құны.

2. «Орта таптың» ыңғайлы тұрғын үйлері: Қаланың барлық аудандары мен құрылыстағы арзан панелдік үйлер сұранысқа ие, орташа ауданы 50 - 60 ш.м. , жеке пәтер жоспары бар. Жоғары деңгейдегі дыбыс тежегіш және жылуизоляциясы, вентиляция мен кондиционер әсерлілігі, лифт жылдамдығы, жылуды қадағалау, үлкен ас үй бөлмесі, тәулік бойы күзетпен қамтуы тиіс. Күзет қызметіне домофон, видеобақылау, видеофон, автоматты қақпалар жатады. Осы құрылғылар тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жасалған. Тұрғын үйлер ағаш және пластикалық терезелермен, металл есікпен, еденнің жылу жүйесімен, автотұрақпен жабдықталған. Бұған дәлел - «ақылды үйлер».

Қазақстанда 2000 жылдардан бастап «ақылды үйлер» салына бастады. 1980 жылдары АҚШ–та пайда болған «ақылды үйлер» арнайы техникалық құралдар арқасында тұрғындардың жағдайын жасап отыр. Ақылды үйдің ерекшеліктері: үнемді энергия, коммуналды ресурс шығыны, ақпараттық кеңістік жүйесін реттеу мен табиғи апаттан қорғау, басқаруды орталықтандыру мен сигнал жүйесін реттеу болып табылады. [2, 28.] Сонымен қатар, соңғы жылдары мансарда – (соңғы этаждардағы төбелерді) сатып алу сәнге айналды. Көп қабатты үйлерде мансарда балалар бөлмесі, қамин бөлмесі, демалыс бөлмесі ретінде пайдалану. Баспананы бағалаудың ең басты қағидасы - шаршы метрдің құнына жасалған талдау. Астана қаласындағы пәтер бағасына оның қарқынмен өсіп отырғанын көрсетеді. Мысалы: 2004 – 2014 жылдар арасындағы пәтер құнын салыстыру нәтижесінде.

Астана қаласындағы 2004 жылғы аудандар бойынша тұрғын үй бағасын анықтасақ: 1996 жылы Қазақстан Республикасының орталығы ауысқанымен, Астана қаласындағы құрылыс бірден ерекшелене қойған жоқ. Көбіне екі қабатты «хрущевка» және 4-5 қабатты «брежнев дәуірі» үйлері болатын. 2000-2003 жылдары жаңа евростандарттарға сай үйлер салына бастады. Бұл қымбат құрылыс жүйесі Астана қаласында 2005 жылдан бастап кең етек жайды. «Орта тап» ыңғайлы үйлері тұрғын үй нарығының тұрақты индикаторына айналды.

Талдау 2004 жылы Астана қаласындағы 1 ш. м. бағасының өскенін көрсетеді. Мысалы: «Юбилейный» ауданы 2004 жылы 27% өсті (575–730\$), бірақ салыстырмалы түрде басқа аудандарғы қарағанда ескі инфрақұрылымға жатады. Бұл қала бойынша орташа бағадан 12% төмен. «Көктем» ауданы Сары-Арқа, Жангилдин көшелері жатады. 2004 жылы 19% өсті (675–800\$). Бұл қала бойынша орташа бағадан 3% төмен. «Қаржы министрлігі» ауданы 2004 жылы 36% өсті (700-950\$). Бұл қала бойынша орташа бағадан 8% жоғары. «Артем» СО ауданы 2004 жылы 21% өсті (660–800\$). Сауда орталығы болған соң, сұраныс та бар. Бұл қала бойынша орташа бағадан 3% төмен. «Ситицентр» ауданы 2004 жылы 800-900\$ долларды құрайды. Бұл қала бойынша орташа бағадан 3% жоғары. «Самал» ауданы Астана қаласы бойынша ең қымбат аудандарға жатады. Бұл қала бойынша орташа 10% жоғары. «Университет» ауданы, «Қытай қорғаны». 2004 жылы 17% (650-750\$) көтерілді. Бұл қала бойынша орташа бағадан 3% жоғары. «Еуразия» ауданы 2004 жылы 41% өсті (550-775\$) өсті. Бұл қала бойынша орташа баға 7% төмен. Астана қаласындағы пәтер құнының әртүрлігі ауданның инфрақұрылым орнына негізделіп отыр. Қала бойынша эконом-класс тұрғын үйлері барлық аудандарда кездеседі. Қала халқының өсуіне байланысты тұрғын үйлер көптеп салынууда.

2004-2014 аралығындағы 1 шаршы метр құнын салыстырсақ, «Из рук в руки» газетінің 2014 жылғы наурыз айындағы шығарылымы алынды. Астана қаласының үш ауданы бойынша бір бөлмелі пәтер құны анықталды. Сарыарқа ауданы бойынша орташа баспана бағасы – 58500\$, пәтер орташа ауданы - 38 ш.м. құрайды. Осыдан 1 шаршы метр құны – 1540\$. Алматы ауданы бойынша орташа үй бағасы 94000\$, орташа пәтер ауданы - 50 ш.м. құрайды. Осыдан 1 шаршы метр құны – 1880\$. Есіл ауданы бойынша бір бөлмелі пәтердің орташа бағасы – 125700\$, орташа пәтер ауданы - 46 ш.м. құрайды. Осыдан 1 шаршы метр құны – 2730\$ құрайды. Талдау пәтер құнының 10 жыл ішіндегі өзгеріске ұшырағанын көрсетеді: Сарыарқа ауданы бойынша 800\$-дан 1540\$-ға өсті, яғни жалпы пәтер бағасы 49% жоғарылады. Алматы ауданы бойынша 750\$-дан 1880\$-ға өсті, яғни жалпы пәтер бағасы салыстырмалы 61% жоғарылады. Есіл ауданы бойынша 1000 \$-дан 2730\$-ға өсті, яғни жалпы пәтер бағасы 63% жоғарылады. Астана қаласы бойынша тұрғын үй нарығы толығымен қалыптасты деп есептеуге болады. Алайда, салыстыру нәтижесінде пәтер құны екі есе өскенін көре аламыз. Осы жылдары Астанада орташа жалақы екі есеге артып отыр. Астана қаласы бойынша орташа жалақы 61600 тенгені құраса, 2004 жылы 26800 құраған екен.

Орташа 1 бөлмелі пәтер құны (1-кесте)

Аудан/ жыл	2014 жыл	2015 жыл
Алматы ауданы	74000\$	62500\$

Сарыарқа ауданы	58500 \$	63600\$
Есіл ауданы	125700\$	98000\$
Орташа	86000\$	74700\$

Салыстырмалы бағамға көз жүгіртсек, 2 жыл арасындағы 1 бөлмелі пәтер Алматы ауданында төмендесе, керісінше Сарыарқа ауданы баға өсімі анықталып отыр. Есіл ауданында пәтер баға түсіміне әсер етіп отырған фактор ретінде тұрғын үй кеңістігі өсіп жатқанын айтқан жөн.

Орташа 1 ш.м құны (2-кесте)

Аудан/жыл	2014 жыл	2015 жыл
Алматы ауданы	1880\$	1907\$
Сарыарқа ауданы	1540\$	1794\$
Есіл ауданы	2730\$	2065\$
Орташа	2050\$	1922\$

Бұл кестеде шаршы метр өлшеміне тоқталдық. Назар аудартып отырған маңызды жәйт, орташа шаршы метр бағасы нарықта төмендеп отыр. Сонымен қатар, Алматы мен Сарыарқа аудандарында әлі де болса шаршы метр бағасы тұрақты өсімді сақтап тұр. Ал, Есіл ауданыдағы көрсеткіш төмендегенін аңғартады.[6.12-19].

Бүкіл тұтыну мен қызмет көрсету салалары айтарлықтай қымбаттады. Оған әсер еткен негізгі себептер, тұрғын үйге қол жеткізу: әлеуметтік, экономимикалық, қаржылық және бюджет факторы әсер етеді. Осы факторларды тізер болсақ, олар: қаржылық сыртқы фактор; ішкі фактор; экономикалық сыртқы фактор; әлеуметтік фактор; бюджет факторы[3,6-7.]

Сонымен, мынадай қорытынды жасауға болады:

1.Қазақстан жылжымайтын мүлік нарығы қалыптасты. Егер бір тауардың сұранысы жоғары болу үшін, нарықты сол тауармен қамтамасыз ету керек. Қазір Астана қаласы жалдамалы пәтер нарығымен қамтылып отыр. Жалдамалы пәтер әлемдік тәжірибеде Швеция – 67%, Голландия – 55%, Жапония мен АҚШ - 34%, Германияда – 60% халық жалдамалы пәтерлерде тұрады.

2.Ипотекалық несиенің механизмін реттеу қажеттілігі туындап отыр. Ипотекалық несиені енгізгенде кім ұтады? Банктер. Әлбетте, кіріс басты орында. 2004 жылдары халықтың көпшілігі әлеуметтік үй кезегіне тұрды. Қазақстанда басқа еуропа елдерімен салыстырғанда несиенің пайыздық өсімі 2 – 2,5 есе жоғары болып отыр.

3.Құрылыс сапасын көтеру. 1 ш. м. бағасы мемлекеттік бағдарлама бойынша, әлемдік стандарттар талаптарына сай болуы мүмкін емес. Мысалы, еуропада жағдайы төмен адамдарды әлеуметтік негізінде, оларға тұрғын үйді арзанырақ, бірақ сапалы салады.

4.Қызмет көрсету мен құрылыс материалдарының бағасын төмендету тиіс. Егер, отандық құрылыс материалдары мен отандық шикізатты жаппай пайдалану жүзеге асса. Астана қаласындағы құрылыс индустриясы көлемі күрт өсуі, құрылыс материалдарына деген дефицит туындады. Осыдан құрылыс материалдарының бағасы шарықтап кетті. Бұл тұрғын үй бағасының өсуіне әкелді.

5.Құрылыс компаниясын таңдау. Басты критерийлердің бірі - қызметтің арзан түрін пайдалану. Бұл баға демпингіне алып келеді. Осыдан салынған үйдің сапасы мен мерзімін бағалау қиын. Компания имиджі, тәжірибесі, кәсіби біліктілігі, бюджетті бақылау критерийлерін басты назарға алу.[4,184-185]

6.Риэлтерлік фирмаларды мемлекет тарапынан қадағалау. Нарықтағы басты ойыншылар ретінде аралық алып-сатуды басқаратындар, жасанды баға өсімімен айналысатындар.

Аталған факторлар «тұрғын үй» нарығы қалыптастыруда маңызды рөлге ие. Тұрғын үй қызметінің саны артқан сайын, пәтер құны өсуіне әсер етеді. «Тұрғын үй» алаңында риэлтерлік қызмет түрі пайда болды. Оған сұраныс артты. Пәтер құнының жасанды өсуі құрылыс материалдарына, риэлтерлік қызмет көрсетуге, құрылыс сапасына, несиенің мерзіміне, бюджеттегі қаржыға тікелей байланысты болады. Астана қаласындағы даму қарқыны мен

жағдайы, баспана мәселесіне тікелей қатысты. Себебі, халық тарапынан тұрақтылық, тыныштық пен жайлылық болу керек. Тұрғындардың басым бөлігі талдау негізінде тұрғын үйге қолжетімділік нұсқаларын, жұмсалған жан-жақты шығынды ескерген жөн.

Қолданылған әдебиет

1. Закон Республики Казахстан «О жилищных отношениях»- Алматы, 2001.
2. Шалболова У.Ж. Жилищная и социальная сфера: экономический анализ, развитие.- Алматы, 2006.
3. Горшков Р.К., Дикарева В.А.Формирование рынка доступного жилья в России.- М., 2010.
4. Шалболова У.Ж. Экономика жилищной и социальной сферы – Алматы, 2006.
5. «Из рук в руки», 2014 года 10 марта.-№19(1370).
6. «Недвижимость», 2015 года 12 марта.-№20(482)

УДК 316:303.4

ПРИМЕНЕНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ ИГР В ИЗУЧЕНИИ ПРОБЛЕМ СОЦИАЛЬНОГО НЕРАВЕНСТВА

Исабаева Шынар Суиндиқовна

isabaeva_82@list.ru

магистр социологии, преподаватель кафедры социологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

С целью достижения и реализации Государственной Программы форсированного индустриально - инновационного развития Республики Казахстан однозначно требует более высоких темпов включения новых идей и инновационных технологий в систему образования.

Внедрению инноваций в образовательный процесс в условиях глобализации большое внимание уделяет Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев. Так, выступая на форуме «Инновационный Казахстан-2020», Президент отметил, что для того, чтобы попасть в первую группу стран Казахстану уже сейчас нужно создавать собственную отечественную базу инновационного развития. «Прежде всего, необходимо готовить инноваторов – людей, которые заражены этим, людей, которые имеют креативное мышление. Их надо собирать, искать везде и всюду. Вопрос подготовки кадров, повышение профессионального и творческого уровня этих людей для всего этого становится нашей главной задачей, помимо самих инноваций»[1].

В связи с поставленными актуальными задачами перед системой образования являются рассмотрения и реализация множества вопросов в области инноватики, в том числе применения современных методик обучения в преподавании учебных дисциплин.

На сегодняшний день современные условия развития рыночной экономики нашей страны усиливают требования к подготовке перспективного специалиста, нацеливают на формирование плодотворной личности, которая характеризуется креативным мышлением, инициативой, самостоятельностью в принятии эффективных решений. В связи с этим необходим совершенно новый творческий подход в обучении преподавании дисциплин в высших учебных заведениях, в частности изучение актуальных проблем касательно социологии неравенства, социальной мобильности, социальных институтов и другие, которые основанный не на передаче готовых знаний, а на созданий условий активности обучающихся. В качестве средств, реализующих данный самостоятельный творческий системный подход, все больше признание находят изучении актуальных проблем социального неравенства казахстанского общества, где применение в учебном процессе активных методов обучения отражают непосредственно логику практической деятельности